

**6D010300 (8D01101) – Педагогика және психология» мамандығы
бойынша PhD докторант**

Накыпова Гулнур Кабылтаевнаның

**«Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін
қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясының**

АНДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбы: «Магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру».

Зерттеудің мақсаты: магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау және әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелдеу.

Зерттеу міндеттері:

- магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;
- «өзіндік жұмыстар», «магистранттардың өзіндік жұмыстары» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігі» түсініктерінің мазмұны, құрылымы мен қызметін нақтылау;
- магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесін дайындау және оның тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.

Зерттеу әдістері

- *теориялық:* зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, андрагогикалық әдебиеттерге салыстырмалы талдау жасау, жинақтау, контент-талдау, ассоциациялау, құрылымдау, нақтылау;
- *эмпирикалық:* ойша эксперимент, сауалнама, педагогикалық бақылау, педагогикалық және психологиялық диагностикалау, модельдеу, салыстырмалы талдау,
- нәтижелерді *математикалық-статистикалық* (сандық, пайыздық көрсеткіштермен) тұрғыдан өңдеу.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар (дәлелденген ғылыми болжамдар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар):

- философиялық, психологиялық, ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеу; жүйелік-мазмұндық тұғыр, тұлғалық тұғыр, құзыреттілік тұғыр, синергетикалық тұғыр мен акмеологиялық тұғырлар сипатталады;
- «өзіндік жұмыс – мотивация түрлері арқылы кәсіби жетілуін қамтамасыз ететін тәуелсіз әрекет»; «магистранттардың өзіндік жұмысы – «оқытушы-ғылыми кеңесші-магистрант» триадасында проблемаларды шешуге және магистранттардың ғылыми-педагогикалық қызметіне оң өзгерістер енгізуге бағытталып, білім алушы тарапынан ерекше түрде ұйымдастырылатын ғылыми-педагогикалық іс-қимылдарының

траекториясы»; «кәсіби құзыреттілік» - адамның өзіндік даму қабілеттерінің кешені»; «магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – ғылыми-педагогикалық әрекеттер арқылы жүзеге асырылатын көп функциялы үдеріс» деп нақтыланды;

- магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық-құндылықты, танымдық-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттердің жиынтығын құрайды және өлшемдері мен көрсеткіштері түзіліп, жоғары, орта, төмен деңгейлерге сәйкес жүзеге асырылады;

- Әдістеме: «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты элективті курс бағдарламасы; «Ғылым сағаты» атты магистранттарға арналған ғылыми-педагогикалық студияның жылдық жоба-бағдарламасы.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

- магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалады;

- «кәсіби құзыреттілік», «өзіндік жұмыстар» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігі» түсініктерінің мазмұны, құрылымы мен қызметі нақтыланады;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалады;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі дайындалып және оның тиімділігі тәжірибе жүзінде тексеріледі, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы:

1-нәтиже жаңа – магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды.

2-нәтиже жаңа – «өзіндік жұмыстар», «магистранттардың өзіндік жұмыстары» және «магистранттардың кәсіби құзыреттілігі» түсініктерінің мазмұны, құрылымы мен қызметі нақтыланды.

3-нәтиже жаңа – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.

4-нәтиже жаңа – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік кешені: «Өзіндік жұмыстар арқылы тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми негіздері» атты элективті курс бағдарламасы; «Ғылым сағаты» атты магистранттарға арналған ғылыми-педагогикалық студияның жылдық жоба-бағдарламасы; «Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру» атты оқу-әдістемелік құрал дайындалды.

Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңындағы (51-бап, 3-тармағы) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі деп аталатын 51-бабында: «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагог: өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге; білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыретін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға; өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға міндетті» деп берілуі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі магистранттарға қойылатын кәсіби міндеттерді өз бетімен орындауға, ғылыми-танымдық әрекеттерге және ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша білімдерін толықтыруға жұмыс жасайды.

Сондай-ақ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «білім», «іскерлік пен дағдылар», «тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер» көрсетілген мамандық карточкасы дербестік пен жауапкершілікті және педагогтің атқаратын еңбек қызметінің күрделілігін ескереді: 1) *«іскерлік пен дағдылар» көрсеткішінде дербестік дәрежесі көрсетілген;* 2) *«тұлғалық және кәсіби құзыреттілік» көрсеткішінде жауапкершілік дәрежесі көрсетілген;* 3) *«білім» көрсеткішінде педагог мамандығының күрделілік дәрежесі көрсетілген,* педагог еңбегінің күрделілігі оның «адам-адам» мамандығымен байланысты» делінген. Құжаттағы педагогикалық қызмет – адамдардың өзара әрекеттесуі дегенді түсіндіреді. Стандарттағы «тұлғалық және кәсіби құзыреттілік» көрсеткіші жауапкершілік дәрежесінде берілуінің маңызы жоғары, өйткені жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың жоғары кәсібилік, тұлғалық және әлеуметтік табыстарға жеткізетін прогрессивті жолмен дамуын көздейді.

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңының (ҚР 30.06.2022 №130-VII өзгертулер мен түзетулер бойынша) 9-бап, 1-тармағында: «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы жүзеге асыратын қызметтің негізгі түрі білім берумен қатар: ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет, ...сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу болып табылады» делінген. Бұл қызмет түрлері магистратураны бітірген әрбір маманның қазіргі уақыт талабы қойып отырған еңбек нарығына икемді болуын, көшбасшылық қабілеті мен өзін-өзі үздіксіз дамыта алатын, ғылыми ізденушілік стилінің критерийлері кәсіби құзіреттілік тұрғысында өлшенуіне мүмкіндік береді.

Докторанттың әр жарияланымды дайындауға қосқан үлесіне сипаттама:

Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 16 ғылыми мақала және 1 оқу-әдістемелік құрал жарық көрді.

Web of Science Core Collection немесе Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда 2 мақала жарияланды:

1. Scopus деректер қорына енетін жарияланымдағы «Formation of postgraduate student's professional competences through independent work». Birllesik Dunya Yenilik Arastirma ve Yayincilik Merkezi. Cypriot Journal of Educational Science. Volume 17, Issue 6, (2022) 1888-1900 <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i6.7544> (G. K. Nakypova, Sh. Maigeldiyeva, M. Makasheva, G. Saudabayeva, M. Dzhanbubekova, M. Koishibaev). Бұл мақалада жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудағы ілгері даму және мансаптық мақсаттарына жету үшін табысты жұмыс істейтінін нақты анықтауда әлемдік зерттеулер жүргізілген. Мақаладағы докторанттың үлесі 60%-ды құрайды.

2. «Professional competence establishment for postgraduate education professionals through self-study» Scientific Herald of Uzhhorod University. Series "Physics" – 2024. Issue 56 – P. 2071-2080 <https://doi.org/10.54919/physics/56.2024.207wk1> (G. K. Nakypova, Dina Zharylgapova, Gulbarshyn Yernazarova, Lazzat Zhamansarieva, Raisa Zhukashova). Мақалада өзіндік жұмыстарды әдістемелік ресімдеу тәсілдері зерттеліп, жүйеленген. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде мамандардың кәсіби құзыреттілік факторларының бірі өз бетінше орындау қабілеттері, өзіндік жұмыстың құрылымдық жоспары арқылы қойылған оқу міндеттері қарастырылған. Мақаладағы докторанттың үлесі 60%-ды құрайды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда 6 мақала жарияланды:

3. «Кәсіби құзіреттілік: мәні және негізгі қағидалары». Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 1 (77), 2019. 208-213 бб. Мақалада ЖОО-нан кейінгі білім беруде магистранттардың өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудағы негізгі қағидалар қарастырылады. Докторанттың мақала жазудағы үлесі - 100%.

4. «Жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі кәсіптік магистрлік даярлық». Вестник АПН Казахстана, №1, 2020. 131-137 бб. (Сапаркызы Ж.). Мақала мазмұны магистранттарды ғылыми-педагогикалық бағытта дайындауда өзіндік жұмыстары негізінде кәсіби құзыреттілігін анықтаудың маңызы қарастырылады. Докторанттың үлесі - 90%.

5. «Магистранттардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру: негізгі мәселелері мен түсініктері». Вестник «Қазақ Білім Академиясының баяндамалары» Астана, 2019.-№1. -133-138 бб. Мақалада кәсіби құзыреттілік – бұл мұғалімнің кәсіби мәселелер мен міндеттерді кәсіби қызмет жағдайында шешу қабілеті екендігі негізге алынады. Докторанттың мақала жазудағы үлесі - 100%.

6. «Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда бастауыш сынып мұғаліміне қойылатын талаптар». «Қазақстанның ғылымы мен өмірі/ Наука и жизнь Казахстана» №11 (2) 2019 ж. Алматы қ. 163-167 бб. Мақала мазмұнында өзіндік оқу жұмысы оқушының мәселені қойып, оны шешкенге дейінгі жеңілден күрделіге өту, өзін-өзі бақылауы және ізденісінің белгілі бір деңгейдегі дербес оқу әрекеті деп талданған. Ғылыми мақаладағы докторанттың үлесі 100%.

7. «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің танымдық белсенділігін дамыту». Торайғыров атындағы Павлодар университетінің Хабаршысы (Педагогикалық сериясы) № 1, 2022. 305-312 бб. (Л.Д. Жамансариева, Ж.Т. Баймағанбетова, А.У. Керейбаева) Жоғары кәсіби білім беруді дамыту мәселелерінде бакалаврларға берілетін білімдер мен дағдылар айтылады. Мақаладағы докторанттың үлесі 70%-ды береді.

8. «Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудегі өзіндік жұмыс магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру базасы ретінде». Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(81), 2024 ж., 154-167 б. (М.Ж. Сұлтанбек, А.Маршалхан). Мақалада оқытушы-ғылыми кеңесші-магистрант» триадасында проблемаларды шешуге және магистранттардың ғылыми-педагогикалық қызметі талданып, әдіснамалық тұғырлар реттеледі. Докторанттың мақала жазудағы үлесі - 80%.

Алыс шетел басылымдарында 2 мақала жарияланды.

9. «К вопросу формирования профессиональной компетентности у будущих педагогов в условиях магистратуры». «With proceedings of the i international scientific and practical conference «theoretical and practical aspects of modern scientific research» (Койшибаев М., Камзаев А.К., Азбергенов А.Л.) Мақалада магистранттың кәсіби, ғылыми тәжірибелік және танымдық іс-әрекетін өз бетімен басқара білуі баяндалады. Мақаладағы докторанттың үлесі 60% - ды құрайды.

10. «Оқушылардың өзіндік жұмыстары арқылы танымдық белсенділігін арттыруда мұғалім іс-әрекет» "Innovation Management and Technology in the Era of Globalization": Materials of the V International Scientific-Practical Conference. In two volumes. Volume II – Alexandria, Egypt. 2018. - Б. 123-129. Мақалада өздігінен орындайтын жұмыс арқылы меңгерген пәндік білім, білік, дағдылар, ойлау жүйелерін дамыту нәтижесінде оқушылар құзыреттілігін қалыптастыру жолдары көрсетілген. Докторанттың мақала жазудағы үлесі - 100%.

Жақын шетел басылымдарында 1 мақала жарияланды.

11. «Формирование профессиональной компетентности магистрантов на основе самостоятельной работы». Методологические ориентиры развития современной научно-дидактической мысли. Сборник научных трудов Всероссийской сетевой научной конференции 2018г. 247-250 с. Мақала мазмұнында тұлғадағы құндылықты және оның нақты мақсатқа қатынасын неғұрлым анық түсіну тенденциясы жайлы талданған. Докторанттың мақала жазудағы үлесі - 100%.

Қазақстан Республикасында ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 5 мақала жарияланды.

12. «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі кәсіптік магистрлік даярлық» «Science and education in the modern world: challenges of the xxi century»// X Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Нұр-Сұлтан, 2022. Б.24-28. Мақалада жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі талданып, магистранттарға берілетін білім, білік, дағдылар қарастырылады. Докторанттың мақала жазудағы үлесі - 100%.

13. «Сабақ барысында экологиялық білім мен тәрбие берудің мәні» «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беруді модернизациялау: тәжірибесі мен проблемасы»// Халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференцияматериалдары. – Қызылорда, 2022. – Б. 190-195. Жоғары оқу орнында білім алушыларға экологиялық білім мен тәрбие беруде өзіндік жұмыс тапсырмаларын ұйымдастыру жолдары көрсетілген. Мақаладағы докторанттың үлесі 100%-ды береді.

14. «Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік жұмыстары негізінде танымдық белсенділігін арттыруда қолданылатын оқытудың педагогикалық технологиялары» «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беруді модернизациялау: тәжірибесі мен проблемасы» // Халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференцияматериалдары. – Қызылорда, 2022. – Б. 388-334. (Абуова А., БекмурзаевА Р.) Мақалада педагогикалық технологияны бастауыш сынып оқушыларының өзіндік жұмыстарында танымдық белсенділігін арттырудың арнайы ғылыми негізделген формалары, әдістері, тәсілдері мен құралдары қарастырылады. Мақаладағы докторанттың үлесі 80%-ды береді.

15. «Магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны мен құрылымы» «Цифрлық кеңістік жағдайында заманауи психологиялық-педагогикалық білім берудің өзекті мәселелері: тәжірибе және перспективалар» // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қызылорда, 2024.- Б. 338-344. Мақалада болашақ мамандарда кері байланысты іздеу және қолдану, өзіне өзінің сенімі, өзін - өзі бақылаудың жолдары көрсетілген. Докторанттың мақала жазудағы үлесі – 100%.

16. «Болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда өзіндік жұмыстардың маңызы»; п.ғ.д., профессор Б. Момынбаевты еске алуға және 70 жылдығына арналған «Үздіксіз кәсіби білім берудің проблемалары мен келешегі» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Кызылорда, - 2016. - 178-180 б. (Майгельдиева М.Ш.) Мақалада педагог мамандардың өзінің іс - әрекеттегі эмоциялар жиыны мен өз бетінше оқуға икемділік және дайын болу әрекеттері түсіндіріледі. Докторанттың мақала жазудағы үлесі – 90%.

17. Магистранттардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2020. – 74 бет. Оқу-әдістемелік құралда магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны мен

құрылымы және әдістемесі, оны жүзеге асыру мазмұны берілген.
Докторанттың үлесі – 100%